

Лексикалық–грамматикалық және елтану тестілері  
10-сынып

1. Көмектес септігіне қатысты септеулік шылауды анықтаңыз.

- A) соң
- B) шейін
- C) бірге
- D) үшін
- E) кейін

2. Фразеологиялық тіркеске қай сөз синоним болады? “Бөркін аспанға лақтыру”

- A) Жылау
- B) Қуану
- C) Өтірік айту
- D) Ренжу
- E) Ашулану

3. Асты сызылған сөзге мағынасы жақын сөзді табыңыз.

*Мұнда түрлі мерекелер, ата-анаға, бауырға қайырымды болу күндері өтеді.*

- A) үлкенге
- B) үлкендерге
- C) іні-сіңліге
- D) досқа
- E) көршіге

4. Неологизмге қарама - қарсы құбылысты атаған сөздерді..... дейміз

- A) кірме сөздер
- B) омонимдер
- C) термин сөздер
- D) көне сөздер
- E) жаңа сөздер

5. «Арқанның ... жақсы, әңгіменің ... жақсы» мақалына сай келетін антонимдік жұпты табыңыз

- A) алыс – жақын
- B) қатты – жұмсақ
- C) ұзыны – қысқасы
- D) көп – аз
- E) сулы – құрғақ

6. Есімшенің тәуелденген түрін табыңыз.

- A) аяқта, түсін
- B) айтар, барар
- C) егер, ендеше
- D) көргенің, айтарым
- E) жазым, басылым

7. Тура мағыналы сөзді көрсетіңіз.

- A) Жылы жүзді
- B) Жылы сөз
- C) Жылқы жылы
- D) Жылы шырай
- E) Су жылы

8. Антоним сөздерді көрсетіңіз.

- A) Жанды, сөнді
- B) Қасиетті, құрметті
- C) Үлкен, ұзақ
- D) Әдемі, сұлу
- E) Жаны, қасы

9. Ортақ етісті табыңыз.

- A) Тектілігін танытты
- B) Тас қаланды
- C) Әкесінен қаймықты
- D) Жастар ойласты
- E) Ойланбаған кісінде ақыл болмас

10. Анаңның шешесі сізге кім болатынын анықтаңыз.

- A) әпке
- B) тәте
- C) туыс
- D) нағашы әже

Е) әже

**11. Көп нүктенің орнына тиісті септеулікті қойыңыз: Асан бәйге ойыны ... көп оқыды.**

А) үшін

В) арқылы

**С) туралы**

Д) басқа

Е) дейін

**12. Өнерпаздарға деген сөзге талдау жаса.**

А) Түбір, түбір, жұрнақ, жалғау

В) Түбір, жұрнақ, жалғау

С) Түбір, жалғау, жалғау

**Д) Түбір, жұрнақ, жалғау, жалғау**

Е) Түбір, жалғау, жұрнақ, жалғау

**13. Сөз түрлендіріп тұрған жұрнақты көрсет.**

**А) қызылдау**

В) қызылша

С) қызылға

Д) қызық

Е) қызылмай

**14. Достық тақырыбындағы мақалды табыңыз.**

А) Ұрлық түбі – қорлық

В) Отан-оттан да ыстық

С) Ата-баланың қорғаны

**Д) Жақсыны жолдасынан таниды**

Е) Бес саусақ бірдей емес.

**15. Қарсылықты бағыныңқы сабақтасты көрсетіңіз.**

А) Біраз отырған соң, күндіз көп жүріп шаршаған Асан ұйықтап қалды.

В) Ер Төстік жалмауыздың қолында қалды деп, елі мүлде күдер үзіп еді.

С) Тимур үйге қайтып келісімен, оны нағашысы жанына шақырып алды.

Д) Үш жолаушы келе жатса, алдынан бір адам қарсы шықты.

**Е) Наурыз туса да, қыстау әлі қыстың қатаң кәрінде болатын.**

**16. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті қай жылы сайланды?**

А) 1992

**В) 1991**

С) 1990

Д) 1993

Е) 1986

**17. Нақыл сөздің авторын ата: “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде”**

А) Абай Құнанбаев

**В) Нұрсұлтан Назарбаев**

С) М. Әуезов

Д) Абылай хан

Е) Дінмұхамед Қонаев

**18. Құрманғазының шығармаларын көрсетіңіз.**

А) «Салкылдақ», «Қосбасар»

В) «Қыз Жібек», «Ақ тентек»

**С) «Адай», «Сарыарқа»**

Д) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»

Е) «Біржан-Сара», «Мақпал»

**19. Қанжығалы қарт Бөгенбай кім болған?**

А) би

В) суретші

С) жазушы

Д) хан

**Е) батыр**

**20. Солтүстік Қазақстан өлкесінде не өндіріледі?**

А) мақта

**В) астық**

С) мұнай

Д) алтын

Е) газ

## ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК

### Оқылым 10-сынып

**Мәтінді оқып, төмендегі тест тапсырмаларын орындаңыз.**

Бал мен бал арасының талай ауруға ем боларын адам баласы өте ерте кезде-ақ білген. Мысалы, біздің дәуірімізге дейінгі алты мың жыл бұрын Египет пен Үндістанның, үш мың жыл бұрын Қытайдың халық медицинасында ара мен балды түрлі ауруға ем ретінде пайдаланған. Біздегі Отырар, Сайрам, Сығанак қалаларының орнынан табылған заттар ата-бабаларымыздың арасында да араны ұстағандарын дәлелдейді.

Апитерапия, яғни арамен емдеу бүгінгі медицинада да қолданылып жүр. Бал бүгінгі күні әлем бойынша үлкен сұранысқа ие. Өйткені, балда адам денсаулығына пайдалы 60-тан астам емдік зат бар көрінеді.

Ертедегі жазбалардан, халық емшілерінің балды жиі пайдалануды, оны тамақтану режиміне кіргізуді айтып отырғанын байқаймыз. Мысалы, Аристотель өзінің «Ежелгі заманның күні мен омарташылық» атты кітабында балдың ерекшелігі жайлы баяндаған екен. Грек философы Гиппократ ауруларды емдеу үшін балдың маңызы зор екенін айтыпты. Белгілі философ, дәрігер Ибн-Сина «Егер жастығыңды сақтағың келсе, онда міндетті түрде бал же» десе, Грецияның ұлы математигі Пифагор «Менің көп жасауымның себебі- «үзбей бал жеуімнен», - деген екен. Тіпті бұл сөздер айтылмай тұрып-ақ, Құранның «Нахл» яғни, бал ара деген мағынаны білдіретін сүресінде Алла Тағала балды адамдарға ем сыйлаушы зат ретінде түсіндіріп кеткен.

Есімі белгілі Альберт Энштейннің «Жер бетіндегі соңғы ара өлгеннен соң төрт жылдан кейін адамзат та ажал құшады», - деп айтқаны бар. Ғалымның бұлай айтуының себебі - ара табиғи таза ресурстарды сақтап қана қоймай, оны көбейтуде де көп рөл атқаратын көрінеді. Бүгін де шетел тәжірибелерінде араларды экологиялық жағдайды жақсарту үшін қолданып жүр. Аралар ұшқан жерде шөп көп шығады.

**Мәтін бойынша тест тапсырмалары:**

**1. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.**

- A) Омарташылық деген не?
- B) Балды қайдан алуға болады?
- C) Қазір араны не үшін пайдаланады?**
- D) Балды қай кезде пайдалануға болады?
- E) Балдың зияны неде?

**2. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.**

- A) Омарта - араның үйі.
- B) Ата-бабаларымыз да ара ұстаған.**
- C) Емдік балдың бірнеше түрі болады.
- D) Аристотель өз кітабында балды көп жеу керек деген.
- E) Ибн-Сина балды ем ретінде пайдалану туралы жазған.

**3. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.**

- A) ғалымдар, жастық, омарта, медицина
- B) бал, шөп, табиғат, ғылым, Пифагор
- C) омарта, ара, емдеу, шөп, денсаулық

D) ем, өсімдік, медицина, ұлы математик

E) ара, бал, денсаулық, табиғат

**4. Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.**

A) Ара балы табиғи таза ресурстарға жатады.

B) Табиғи таза ресурстарды көбейту керек.

C) Ара табиғи таза ресурстарды сақтап, оны көбейтуде көп рөл атқарады.

**D) Бал арасы экологиялық жағдайды сақтап, оны жақсарту үшін қолданып жүр.**

E) Халық емшілері асқазанды емдегенде балды жиі пайдаланады.

**5. Мәтінде жауабы жоқ сөйлемді табыңыз.**

A) Ара балы неше ауруды емдейді?

B) Ара балын қашаннан бері ем ретінде қолданып жүр?

C) Аристотельдің кітабында ара туралы не деп баяндалған?

D) Апитерапия деген не?

**E) эл-Фараби араның пайдасын қалай бағалаған?**

**6. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.**

A) Ибн-Сина бал туралы жазған.

B) Араның табиғаттағы пайдасы.

C) Ара балы көптеген ауруға ем.

**D) Аристотель омарта туралы жазды.**

E) Арасыз тіршілік жоқ.

**7. Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.**

A) Ара емі

B) Аралар туралы

C) Аралардың ұясы

**D) Ара балының пайдасы**

E) Табиғатты аялау керек

**8. Мәтіннен қандай қорытынды жасауға болады?**

A) Денсаулық - зор байлық.

**B) Ара балы денсаулыққа өте пайдалы.**

C) Ауырмау үшін ара балын пайдалану керек.

D) Ежелгі медицинада табиғи заттар көп қолданылған.

E) Ғалымдар араның пайдасын білген.

**9. Мәтін бойынша, Грецияның ұлы математигі Пифагор үшін балдың қандай пайдасы болған?**

A) Балдың арқасында ол жас болған..

B) Балдың арқасында ол ауырмаған.

C) Балдың арқасында ол көп есеп шығарған.

**D) Балдың арқасында ол ұзақ өмір сүрген.**

E) Балдың арқасында ол көп жаңалық ашқан.

**10. Мәтінге сай, ежелгі ғалымдардың ойынша, ... .**

A) бал жеген адам ешқашан қартаймайды, көңілді жүреді

B) әр адам үйдің жанында ара омартасын ұстау керек.

C) аралар табиғатты қорғайды.

D) аралар ұшқан жерде шөп көп шығады

**E) бал жеген адамның дені сау болып, ұзақ өмір сүреді**

## Тыңдалым 10 сынып

**1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, тест тапсырмаларын орындаңыз.**

**1. Сүлеймен патшаның бұйрығы қандай болған?**

- a) Қарға дүниедегі ең әдемі құсты табуы керек, ал кірпі ең кішкентай аңды табуы керек.
- b) Қарға әдемі дауыспен бір ән салуы керек, ал кірпі патшаға мамық жастық табуы керек.
- c) Қарға дауысын өзгертуі керек, ал кірпі инелерін алып тастауы керек.
- d) Қарға дүниедегі бір жақсы сайрайтын құсты табуы керек, ал кірпі бір жұмсақ нәрсе табуы керек.**
- e) Қарға таң атқанда ән салып патшаны оятуы керек, ал кірпі патшаның бетіне тақалып жатуы керек.

**2. «Дат, тақсыр!» деген сөздер нені білдіреді?**

- a) Қылмыскердің кешірім сұрағаны.
- b) Қылмыскер өзінің ең соңғы қалауы мен өтінішін айтқысы келгені.
- c) Қылмыскердің кінәсін мойындағаны.
- d) Қылмыскердің жазамен келіспейтіні.**
- e) Қылмыскердің туыскандарымен көрісуге рұқсат сұрағаны.

**3. Мәтіндегі сөйлемдерден қыстырма сөзі бар сөйлемді табыңыз (тыныс белгілері қойылмаған).**

- a) Жазалы екеуі өздері істеген істің бәрін бастан-аяқ баян етеді.
- b) Мұның ойлауынша бұлбұл және басқа құстар жаман сайрайтын болып көрінеді.**
- c) Таң атқанда ол құс мені сайраған даусымен оятсын.
- d) Қарғаның балапандары қарқылдай бастайды.
- e) Қараса қарғаның балапандары мен кірпінің балалары екен.

**4. Мәтіндегі қай сөздер синоним болып табылады?**

- a) дамыл таппай, көп жерді аралап, арып-ашып
- b) патша, жендет, бала
- c) қарға, құс, бұлбұл
- d) жер дүние, жер жүзі, жер беті**
- e) тәтті, жұмсақ, әдемі

**5-7. Сүлеймен қарға мен кірпінің ісіне ашуланды, өйткені ... Тыңдаған мәтіннің мазмұнына сәйкес сөйлемді 3 сөйлеммен толықтырыңыз:**

---

**шығармашылық тапсырма**

---

---

---

**8. Мәтін мазмұнына сай емес сөйлемді табыңыз.**

- a) Кірпі де дамыл таппай, жердің жүзін кезіп, жұмсақ нәрсе іздейді, бірақ еш жерден таба алмайды.
- b) Жазалы екеуі өздері істеген істің бәрін бастан-аяқ баян етеді.
- c) Кірпіге балаларының денесі сондай жұмсақ боп сезіледі.
- d) Бұлардың қарқылдағаны қарғаға сондай әдемі, сондай нәзік көрінеді.
- e) **Сүлеймен деген патша қол астындағы халқына бұйрық береді.**

**9. Мәтіндегі антоним бола алатын сөз тіркестерін анықтаңыз.**

- a) **басын кесуге бұйырады, жазадан босатып жібереді**
- b) дамыл таппай, шаршап-шалдыққан
- c) бас жағыма, жастығымның үстіне
- d) бір жақсы сайрайтын құс, бір жұмсақ нәрсе
- e) жер жүзі, жер беті

**10. Мәтіннің қай сөйлемі «Қарға баласын «аппағым» дер, кірпі баласын «жұмсағым» дер» дегенге сай келеді?**

- a) Бұлардың қасында бұлбұл және басқа құстар әлдеқайда жаман сайрайтын боп көрінеді.
- b) Қараса, қарғаның балапандары мен кірпінің балалары екен.
- c) Баласы өзіне балдан тәтті, оттан ыстық, күннен жарық, мамықтан да жұмсақ екен ғой.
- d) Кірпіге балаларының денесі сондай жұмсақ боп сезіледі.
- e) **Әркімге өзінің баласынан артық көретіні жоқ екен ғой.**